

## 2018 жылға арналған пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 қарашадағы № 355 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қарашада № 7315 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы

М. Омаров

Әкімдігінің  
2017 жылғы 2 қарашадағы  
№ 355 қаулысына қосымша

## 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімде	Жұмыс орындарының саны
1.	"Ақ-Бидай-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	258	0,4%	1
2.	Қарабалық ауданы әкімдігінің "Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	157	0,6%	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК